

**Қытай Халық Республикасы Су шаруашылығы министрлігі мен
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
арасындағы Тараптарды трансшекаралық өзендердегі
табиғи апаттар туралы шұғыл хабардар ету туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі – Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының су шаруашылығы министрлігі,

екі мемлекет арасындағы тату көршілік және достық қатынасты одан әрі дамыту және нығайту мақсатында,

Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы 2001 жылғы 12 қыркүйектегі келісім ережелеріне сәйкес,

трансшекаралық өзендердегі табиғи апаттар туралы бір-біріне өзара шұғыл түрде хабарлау қажет деп санай отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар достық, ынтымақтастық, өзара сенім және теңдік негізінде трансшекаралық өзендерде туындайтын табиғи апаттар туралы бір-біріне өзара шұғыл түрде хабарлауға келісті.

Осы Келісім трансшекаралық өзендерде табиғи апаттар туындаған жағдайда Тараптарға шұғыл хабарлау тәртібін белгілейді.

2-бап

Осы Келісімде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

табиғи апаттар – су тасқыны мен мұздардың қатуының нәтижесінде трансшекаралық өзендер бассейнінің төменгі ағысында орналасқан мемлекеттердегі адамдардың қаза табуына әкеліп соғатын және едәуір материалдық шығын келтіретін зілзалалар мен апаттар;

табиғи апаттар мониторингі - су тасқыны мен мұздардың қатуын бақылау және қадағалау жөніндегі қызмет;

атқарушы орган – осы Келісімге сәйкес ережелерді іске асыру үшін Тараптар мемлекеттері үкіметтері айқындайтын орган.

3-бап

Тараптар ынтымақтастығы мына салалар бойынша жүзеге асырылады:

су тасқыны мен мұз қатуының техникалық деңгейінің ағымдағы жағдайын қадағалау жөніндегі қолданыстағы ғимараттарына мониторинг жүргізіледі;

су тасқыны мен мұз қатуы, олардың даму барысы, сондай-ақ трансшекаралық өзендердің бассейніндегі табиғи апаттарды жою жөнінде қабылданатын шаралар туралы өзара және дер кезінде хабарлау; осы салада шұғыл хабарлау жөніндегі іс-шараларды одан ары жетілдіру және бұл салада қажетті тәжірибе алмасу.

4-бап

Тарап келісті, екі жақты трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі қазақстан-қытай Бірлескен комиссиясының тапсырмасына сәйкес тараптардың сарапшылар тобы шынайы қажеттілік бойынша хабарлаудың нақты тәртібін белгілейді, оны Бірлескен комиссияның бекітуі бойынша атқарушы орган орындайды. Хабарлаудың нақты тәртібіне бастапқы хабарлау және оқиғалар туралы ақпарат беру әдістері секілді өлшемдер кіреді.

Су тасқыны мен мұздың қатуы туындаған жағдайда Тараптардың атқарушы органдары хабарлаудың нақты тәртібіне сәйкес тікелей бір-біріне тиісті ақпаратты хабарлайды.

5-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі шығыстар екі тараптың келісімі бойынша шешіледі.

6-бап

Тараптар осы Келісімнің жеке-жеке атқарушы органдарын белгілейді. Атқарушы орган өзгертілген немесе қайта белгіленген жағдайда Тараптар бір-біріне жазбаша түрде хабарлайды.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және орындау кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңесу жолымен шешеді.

8-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің, өздері қатысушы болып табылатын басқа келісім-шарттар бойынша міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, ол осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

10-бап

Осы Келісім қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы 2001 жылғы 12 қыркүйектегі келісім күшінің барлық мерзімі ішінде күшінде болады.

2005 жылғы « ___ » _____ Астана қаласында (Қазақстан Республикасы) әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде түпнұсқа екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

**Қытай Халық Республикасының
Су шаруашылығы
министрлігі үшін**

**Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрлігі үшін**

